

## Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшесінің Анты туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы. 1994 жылғы 6 қыркүйек N 1852. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі Антының мәтіні (1 қосымша), Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің Ант беру рәсімі (2 қосымша) бекітілсін.

2. Үкімет мүшесінің Антты бұзуы оны атқарып отырған қызметінен босатуға әкеп соқтырады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің Ант беруі жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға бақылау жасау Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысына жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**1 Қосымша**

-----  
( а т ы - ж ө н і ,            т е г і )  
-----

қызметіне кіріседі

### **Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшесінің Анты**

Қазақстан Республикасының халқы мен Президенті алдында өз Отаным - Қазақстан Республикасын экономикалық және рухани дамыту ісіне барлық күш-жігерім мен білімімді жұмсауға, мемлекеттің Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-әрекетімде заңдылық пен әділеттілік, азаматтық және ұлтаралық татулық принциптерінен айнымауға, Қазақстан халқына адал қызмет етуге, әлемдік қоғамдастықта өз елімнің мемлекеттігі мен беделін нығайта беруге салтанатты түрде ант беремін. Ант етемін.

-----  
( ті к е л е й   ө з   қ о л ы )  
-----

\_\_\_\_\_ (датасы)

**2 Қосымша**

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшесінің Ант беру рәсімі**

Ант берудің салтанатты рәсімі Президент Резиденциясының қабылдау залында өткізіледі.

Ант беретін Үкімет мүшесін залдан Президент Аппаратының Басшысы немесе Президенттің Хаттама қызметінің Басшысы шақырып алады, ол Конституция жатқан арнаулы стөлшеге немесе мінберге таяп келеді де оны сол қолымен басып тұрып, Президентке қарап Анттың мәтінін айтып немесе оқып береді, содан кейін Ант Парағына қолын қойып, оны Президентке өткізеді.

Президентпен бірге, бірақ екінші шепте Вице-президент, Жоғарғы Кеңес Төрағасы, Премьер-министр, Президент Аппаратының Басшысы тұрады. Шақырылған басқа адамдар залда отырады.

Ант мәтіні жақсы ресімделіп қазақ және орыс тілдерінде басылады, Ант берушінің қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде оқылады.

Міндетті атрибуттары - Қазақстан Республикасының Елтаңбасы мен Жалауы.

Рәсім соңында Президент қысқаша сөз сөйлейді.